

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша
қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы **«Жаңа уақыт» қоғамдық қоры**
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): **Назымгүл Қайсағалиева**
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: **Қазақстан, Атырау обл. Атырау қаласы, Қ.Ахмедьяров 21\57**
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **Нашақорлықтың алдын алу бойынша шаралар кешені**
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: **17 шілде - 29 қараша 2024 жыл**
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: **7 500 000 теңге**

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

1-міндет. Киберволонтерлерді тарта отырып, есірткілерді тарататын заңсыз сайттардың жұмысы туралы азаматтардың өтініштерін анықтау бойынша Телеграм бот жұмыс істейтін болады

1-іс-шара. Телеграм боттың жұмысын ұйымдастыру.

2023 жылы іске қосылған <https://t.me/StopSyntheticAtyrauBot> телеграм боты биыл да жұмысын тұрақты жалғастырды. Есепті мерзім шілде – қараша айлары аралығында боттың істен шығу фактілері тіркелмеді. 2024 жыл Телеграм боттың халық арасында таралымын көбейту мақсатында тапсырыс берушімен ақпараттық мәтін мен афиша мақұлданып, әлеуметтік желілер арқылы таратылды. Сондай-ақ халық ең көп оқитын «Атырауойл» паблигіне де телеграм боттың QR коды көрсетілген афиша орналастырылды. Қамту саны 1000 астам. Нәтижесінде биыл халықтан келіп түскен өтініштер арасында жастардың өміріне қауіп туындайтындай оларды закладчиктер қатарына тарту, жалған жарнама арқылы заңсыз кәсіпке баулу сипатындағы мәтіндер болды. Былтыр ботта тек қана полицияның жедел уәкілі Роман Ермұханов отырған болса биыл операторлар құрамына облыстық прокуратураның өкілі Ұлжан Жанәділқызы қабылданып, түскен өтініштерге жедел әрекет етіп отырды. Операторлардың жалпы саны алты адам, оның ішінде тапсырыс беруші Атырау облыстық әкімдігінің бөлім басшысы Жәлен Айдар да бар. Қала тұрғындарынан және қоғамдық қордың еріктілерінен жиналған өтініштердің он бесіне қатысты жедел шаралары алынып, қылмыстық іс жүргізу реестрінің тізіліміне тіркелді. Телеграм боттың халық арасында кең таралуын насихаттау мақсатында қаладағы барлық автобустарға афишалар ілініп, боттың жұмысы туралы жолаушылар арасында лекциялар оқылды. 2023 жылы Атырау мемлекеттік университетінде оқытылған киберволонтерлардың саны елуден асатын, 2024 жылы аталған студенттер оқуды тәмамдаған. Прокуратура органдарымен университет жастары қатарынан киберволонтерларды толықтырып

отыру жұмыстары тұрақты түрде өткізілуде. Телеграм бот жұмысы 2025 жылы да үздіксіз жалғасатын болады.
<https://www.facebook.com/share/r/18RxQEttDD/?mibextid=wwXlfr>

2-іс-шара. Төрт жақты меморандум

Биылғы жобаның алғышарты төрт жақты меморандум десек болады, өйткені стратегиялық маңызды құжатқа қол қою жоба басталған сәтте жүргізілді. 9 тамыз күні тараптар: полиция департаменті, Атырау мемлекеттік университеті, денсаулық сақтау басқармасы және қоғамдық қор өкілдері ынтымақтастық жұмыстарын ресми құжатпен бекітіп алды. Айта кетерлік жайт, жоба барысында бұдан бөлек тағы үш меморандумға қол қойылды. Олар нашақорлық профилактикасы бағытында «Жаңа уақыт» қоғамдық қорымен жұмыс жасауға ниетті ҚАЖД және Атырау мұнай және газ университеті, наркологиялық диспансер басшылығы болды.

<https://www.facebook.com/share/p/19UEMDQFfM/?mibextid=wwXlfr>

2-міндет. Атырау облысының кемінде 50 еріктілері мен жұртшылық өкілдерін тарта отырып, есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылады, оның ішінде «граффитиді» жою жөніндегі шаралар, заңсыз үгітті анықтау және жастар арасында зиянды тәжірибелердің таралуын болдырмау мақсатында кешкі уақытта көшелерге мониторинг жүргізу және т.б.

1-іс-шара. Еріктілер мен қоғам белсенділері есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс шаралар ұйымдастыру.

Нашақорлық жобасы барысындағы басты міндеттердің бірі - жастардың беймезгіл уақытта көше кезуін тыю. Бұл мақсат былтыр қоғамдық қор өкілдерімен бірге ұйымдастырылған «Аналарға көмек қолдау», «Жанындамын» қоғамдық қорларымен өткізілген рейдтердің нәтижесінде пайда болған еді. Биыл да аталмыш қорлар «Жаңа уақыт» қоғамдық қорымен бірлесіп есірткіге қарсы шараларға белсене қатысты. Наркограффитиді жоюда облыстағы жастардан құрылған «Жаңа жастар», «Хелпикей» еріктілер топтары қатысып, барлық есеппен елуге тарта белсенді мен ерікті жастар атсалысты. Жоспардан бөлек, биылғы жобада «Қазақстан кейекушинкай карате» қорының Атырау филиалының жетекшісі Таңат Нұрымов, лудомандар тәрбиесімен белсенді айналысып жүрген «Жаңа өмір» басшылары Талғат Агисов бірге белсенді қатысты. Кешкілік рейдтер барысында жергілікті 3 телеарна бірге жүріп, эфирге сюжеттер дайындады. 15 есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс-шаралар, «граффитиді» жою жөніндегі шаралар, заңсыз үгітті анықтау және жастар арасында зиянды тәжірибелердің таралуын болдырмау үшін мониторинг жүргізу қаланың Азия және Еуропа бөлігіндегі ықшам аудандарында өтті. Үш әлеуметтік эксперимент өткізілуі тиіс болатын. Олардың қатарында «Ауладағы әңгіме» ересектер арасында эксперимент жүргізу жұмысы қыркүйекте жастар жағалауында, Сәтпаев көшесіндегі аулаларда, ал «Закладчик бол» шарасы Вокзал маңы ықшам ауданында қазан айында және қазан айында екінші эксперимент «Ауладағы әңгіме» эксперименті қайталап Привокзальный ықшам ауданында жүргізілді. Атқарылған жұмыстары бойынша ватсап желісінде сауалнама жүргізіліп, 75 пайыз қанағаттанарлық нәтиже көрсетті. Жасалған рейдтер мен әлеуметтік эксперименттер «Жаңа уақыт» қоғамдық қорының ресми Instagram, facebook, Telegram, Tik Tok аналарында жарияланып, газет пен телеарналар арқылы көрсетілді. <https://www.facebook.com/share/v/183NfpnsfA/?mibextid=wwXlfr>

3 міндет. Әлеуметтік желілерде кеңінен ротацияланатын нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильм дайындау (қаралым саны 500 мыңнан кем емес)

1-іс-шара. Нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы деректі фильм. Нашақорлық мәселесі бойынша деректі фильм дайындау жобадағы ең қиын міндеттердің біріне айналды. Өйткені, жоба басталарда әйелдер колониясындағы есірткі сатып сотталған

нәзік жандылардың тағдыры бейнетаспаға жазылып алып, олардың ашық сұхбаттары студенттер мен ата-аналарға көрсетілген болатын. Темір тор артындағы қиын тағдырлар үлкен аудиторияларға жақсы әсер етті, әр кездесуде жастар сотталушылардың өмірін талқылап, түзу жолға түсу үшін қандай әрекеттер жасауы тиістігін ашық айтып отырды. Осы себепті көрермендер арасында резонанс тақырыпты деректі фильмге негізге алуға шешім қабылданды. Фильмді облысқа танымал қоғам белсендісі, блогер Жанат Жақсыбайқызы жазып, қыркүйек айында дайын сценарий тапсырыс берушімен бекітілді. Одан кейін закладчик әйелдің рөлін сомдауға баратын әртістерді Орал және Атырау қаласынан іздестіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 2023 жылы «Атыраудың үздік актрисасы» атанған Лашын есімді М.Өтемісұлы атындағы қазақ академиялық драма теарының актрисасы таңдалынып алынды. Қазан айында фильм түсіріліп, монтаждалуы тиіс болатын. Алайда тақырыптың резонансты болуын ескеріп, колония басшылығы мекеме фильмнің түсірілім жұмыстарын ұйымдастыруға дайын екенін алайда сотталушы азаматшалар өз беттерін көрсетіп сұхбат беруден бас тартатынын яғни бұған дейін берілген сұхбаттары да пайдалануға тыйым салынатыны туралы ресми хатпен хабардар етті. Қазан айында қор басшылығы тарапынан прокуратураға сауалдар жолданып, ПМ арқылы рұқсат алынып қазан айында 10 минут 58 секіндық деректі фильм дайын болды. Оның таралымын 500 мыңнан асыру міндеттелген болатын. Сол себепті Атырау және Маңғыстау облыстарына тарайтын «Caspiannews» арнасына эфирден бес рет көрсету жөнінде келісімшерт жасалып, көглдір экраннан көрсетілді. Телеарна екі облыстағы және спутниктік желі, әлеуметтік желілердегі көрермендерінің саны 1 миллионнан асады. <https://youtu.be/PWz6z5uOgUE>

4 міндет. Өңірдің жоғары сыныптар оқушыларының ата-аналарымен қазіргі заманғы синтетикалық есірткілер, дәріханалық нашақорлық проблемаларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша құқық қорғау органдарының өкілдерімен кемінде 10 профилактикалық кездесу өткізу (кемінде 1 000 адамды тікелей қамту)

1-іс-шара. Құқық қорғау органдарының өкілдерімен мектеп ата-аналарымен профилактикалық кездесу жоспары артығымен орындалды. Жоба барысында барлығы 19 кездесу өткізілді. Қосымшаға есепке қосылған 11 кездесудің өзінде 1335 ата ана мен оқушылар қамтылды. Ата аналармен кездесулер Атырау аласындағы мектептерден бөлек Исатай, Индер, Махамбет аудандарында өткізілді. Жоба басында тапсырыс берушілермен құқық қорғау органдарының өкілдерінің тізі келісілді. Нашақорлық профилактикасы тақырыбындағы лекторлар Қайсағалиева Назымгүл Қажетқызы, «Жаңа уақыт» қоғамдық қорының жетекшісі жалпы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жасалып жатқан жұмыстар туралы айтқан болса, Ермұханов Роман Жұмажанұлы, Атырау облысы полиция депаратментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі закладчиктерді анықтау бойынша ақпарат беріп, ата аналарға кинологтардың мүмкіндіктерін эксперимент түрінде көрсетті. Сол басқармадағы тағы бір қызметкер Нұрболат Джансариев, Атырау облысы полиция депаратментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі мектептерде ата аналармен өткен кездесуде тұрғындар тарапынан түскен сұрақтарға жауап беріп, құқытық сауаттылықты арттыру жөнінде мағлұмат таратты. Жобаға аңа қосылған белсенді спикерлердің бірі Атырау облыстық прокуратурасының басқарма прокуроры Индира Сейітқасымова жастармен кездесуде қазақтардың кобтары өзге ұлттарға ұқсамайтын бөлек деп атап көрсетіп, жас ұпақты тектілікті сақтауға, ағзаны есірткімен уламауға шақырды. Ол сонымен бірге жастар мен ата аналарға өз нөмірін қалдырып, қиын жағдайда хабарласуға мүмкіндік берді. Жобаның аудандағы маңыздылығын көрсететін спикер Индер ауданының прокуроры Ешманов Нариман Олжабайұлы болды. Ол ата

аналар мен балаларға есірткі тіпті вейп темекілерін пайдалану заңға қайшы екенін ескертіп, заң негіздері бойынша лекция оқыды. Кездесулер барысында үш бейнебаян көрсетіліп, ата аналардың ұсыныстары мен пікірлері жазылып алынды.

2 шара. Құқық қорғау органдарының өкілдерімен жатақханада профилактикалық кездесу жоспары да межелі көлемнен асты. Өйткені былтырғыдай тек облыс орталығында емес, Махамбет және Индер аудандарындағы жатақханаларды қамтып, кездесу өткізілді. Тапсырыс берушілермен келісілген құқық қорғау органдарының өкілдері, кестесі, өтетін орны, мерзімі, спикерлер жоспарына сай кездесулер қыркүйек айында басталды. Барлығы 560 студент қамтылды. Нашақорлық профилактикасы тақырыбындағы лекторлар Қайсағалиева Назымгүл Қажетқызы, «Жаңа уақыт» қоғамдық қорының жетекшісі былтыр мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жасалған жұмыстар туралы тарқатып айтып, Атырау облысы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция полковнигі Жанғалиева Марьяна Қазбекқызы закладчиктерді ұстау статистикасын келітіріп, СОБР мүмкіндіктерін видео түрінде көрсетті. Сол басқармадағы тағы бір қызметкер Нұрболат Джансариєв, жастар алдында заңсыз есірткі жарнамасы қалай жасалатынын, ол тұзаққа қалай түсіп қалмау керектігін айтып құқытық сауаттылықты арттыру жөнінде мағлұмат таратты. Жобаға жаңа қосылған белсенді спикерлердің бірі Атырау облыстық прокуратурасының басқарма прокуроры Индира Сейітқасымова жастармен кездесуде қазақтардың кодтары өзге ұлттарға ұқсамайтын бөлек деп атап көрсетіп, жас ұпақты тектілікті сақтауға, ағзаны есірткімен уламауға шақырды. Ол сонымен бірге жастар мен ата аналарға өз нөмірін қалдырып, қиын жағдайда хабарласуға мүмкіндік берді. Кездесулер барысында үш бейнебаян көрсетіліп, студенттердің пікірлері жазылып алынды. <https://www.facebook.com/share/v/12D8eZxjtVY/?mibextid=wwXlfr>

5 міндет. Өңірдің жоғары сынып оқушыларын және оқу орындарының студенттері үшін (ата-ана келісімін алу қажет) нашақорлық қылмысының алдын алу мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне және наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар

1 міндет. Нашақорлық қылмысының алдын алу мақсатында наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастыру ұйымдастырылады. (кемінде 500 адамды қамту). Экскурсиялар барысында 502 бала қамтылды. Оның 392 сі наркологиялық диспансерге барса қалған 110 бала түзету мекемелерінде болды. 2023 жылғы тәжірибе бойынша балаларды ата-аналарының келісімімен экскурсияға апару жұмыстары қазан айынан басталды. Ең алдымен «Болашақ» колледжінде лекция өткізіліп, тапсырыс берушімен келісілген экскурсия тақырыбы негізінде оқу орындарының студенттеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Наркологиялық диспансерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2 жетекшіден қосып апарылды. Тапсырыс берушімен келісілген 3 бейнеролик мүмкіндігіне қарай көрсетіліп отырды. Түзету мекемелері қатарында биыл СИЗО және ерлер колониясына АтУ 60 студенті және 50 мектеп оқушылары апарылды. Х.Досмұхамедұлы атындағы АтУ студенттері тергеу изоляторында болып, есірткі тұтынғаны және сақтағаны үшін сотты болған екі жігіттің әңгімесін тыңдады. Сотталушылардың бірі 19 жастағы Ақсай селосының тумасы синтетикалық есірткіні екі жылдай тұынып барып ұсталған. СИЗО да бір жыл жазасын өтеген бала студенттерге өкінетінін айтып, өздерінің қоршаған ортасына жете мән беруді сұрады. Балалар арасында өткен экскурсияда ерлер колониясының қызметкерлері лекция оқып, бейнебаян көрсетіп, колонияның ішін аралатып көрсетті. Барлық ақпарат 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, Tik Tok) тұрақты орналастырылып отырды. <https://www.facebook.com/share/p/19iTjbgP56/?mibextid=wwXlfr>
<https://www.facebook.com/share/p/15P1xRvMpU/?mibextid=wwXlfr>

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:		Атырау облысы жастарының (14-35 жас) нашақорлықпен байланысты тәуекелдер туралы хабардарлығын арттыру (кемінде 1 500 адамды тікелей қамту)							
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:		Жоба барысында нашақорлықпен байланысты тәуекелдер туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Атырау облысының жастарына іс-шаралар ұйымдастырылды. Жастармен және олардың ата-аналарымен профилактикалық кездесулер өткізілді. Колледж және жоғары оқу орындарының жатақханада тұратын студенттерімен нашақорлықтың зиянын полиция басқармасының мамандарымен, психолог мамандармен бірлесе түсіндірілді. Нашақорлықтың қаупін түсіндіру барысында деректі фильм түсірілді. Жасөспірімдер арасындағы қауіпті факторларды алдын алу барысында, кешкі уақытта қала орталығында рейдтер өткізілді, және телеграм боттарды насихаттайтын графиттилер көп аумақтарда, графиттерлерді жою акциясы ұйымдастырылды.							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	
1 міндет. Киберволонтерлерді тарта отырып, есірткілерді тарататын заңсыз сайттардың жұмысы туралы азаматтардың өтініштерін анықтау	Телеграм боттың жұмысын ұйымдастыру	Шілде-қараша айы			Телеграм ботта Атырау қаласы прокуратурасының бөлім прокуроры 3 сыныпты заңгер Жанәділқызы Ұлжан және Атырау облысы полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары полиция полковнигі Ермұханов Роман Жұмажанұлы бар. 2023 жылы	Тапсырыс берушімен Телеграм бот жұмысы басталғандығы туралы әлеуметтік желі хабарландыру	1	1	Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қала мектептерінде прокуратураның өз QR коды көрсетілген афишасы жапсырылған, полиция департаментінің сенім телефондары бар афиша да прокуратурамен қатар тұр, 102 желісі бөлек, сонымен бірге УБН ның сенім телефондары көрсетілген өз
						Телеграм ботқа келген өтініштер мен хабарламалардың скрині мен сілтемелері	1 ай сайын	1 ай сайын	
						Келіп түскен хабарламалар мен өтініштер аясында атқарылған	1 ай сайын	1 ай сайын	

бойынша Telegram бот жұмыс істейтін болады					Х.Досмұхамедов атындағы АтУ базасында ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы академиясының лекторын шақыртып, 63 кибереріктіні оқыту жұмыстары жүргізілді. 2024 жылы telegram ботқа аталған еріктілерді қосу мүмкін болмады, өйткені кибереріктілер 2023 жылғы түлектер болғандықтан былтыр оқуды бітіріп кеткен.	жұмыстар туралы ақпарат Киберволонтерлердің тізімі және ақпарат Telegram бот операторлары туралы ақпарат және тізім Қамту саны Жедел әрекет ету өкілі (құжаты) Әлеуметтік желідегі (Instagram, facebook, Telegram, Tik Tok) жарияланым	1 1 1 000-нан кем емес 1 1 ай сайын	1 1 1 000-нан кем емес 1 1 ай сайын	афишалары жабыстырулған. Өтініш қабылдайтын арналардың мұнша көп болуы халықты таңдау жасауға итермелейді. Ортақ қылмыспен күресетін бір арна болғаны дұрыс. Оның үстіне былтыр отыздан аса өтініш, биыл он бес өтініш қабылданып прокуратура арқылы полицияға жолданғанымен әзірге бірде бір өтінішке қатысты нақты шара қолданылмауы себепті telegram боттың тиімділігі төмен деп болжауға болады.
	Төрт жақты меморандум	9 тамыз 2024 жыл	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті		Нашақорлықпен күрес және жастар арасындағы деструктивті тәуекелдердің алдын алу мақсатында облыстық полиция департаменті есірткі	Меморандумға қол қоюға шақыру хаттары (облыстық полиция департаменті, облыстық денсаулық сақтау басқармасы,	3	3	Меморандум аясында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам мүшелері бірлесіп қызмет атқара береді.

					қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері «Жаңа уақыт» қоғамдық қоры, Психикалық денсаулық орталығы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетімен есірткі профилактикасына арналған меморандумға қол қойды. Мұндағы мақсат – салауатты өмір салтын ұстану, заңсыз есірткі айналымымен күрес, нашақорлықтың алдын алу және оны болдырмау.	Атырау мемлекеттік университеті) Меморандум (төрт жақты қол қойылған) Меморандумға отырғандығы туралы әлеуметтік желідегі жарияланым Фото/бейнеесеп	1 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, TikTok) бойынша 5/1	1 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, TikTok) бойынша 5/1	
2 міндет. Атырау облысының кемінде 50 еріктілері мен жұртшылық	Акциялар мен мониторингтер	9 тамыз 2024 жыл	Азаттық, 46 А		«Жаңа уақыт» қоғамдық қор бірлестігінің еріктілері, облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері	Тапсырыс берушімен келісілген іс-шаралар жоспары Еріктілер тізімі/ақпарат Тапсырыс берушімен	1 1 1	1 1 1	Биылдан бастап наркограффити жазуларын еріктілерге кетіруге тыйым салынған. Өйткені мұндай факті орын алған жағдайда полиция шақыртылып, тергеу тобы

өкілдерін тарта отырып, есірткіні насихаттауға және жарнама лауға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылады, оның ішінде «граффитиді» жою жөніндегі шаралар, заңсыз үгітті анықтау және жастар арасында зиянды тәжірибелердің таралуын болдырмау мақсатында кешкі					қалада синтетикалық есірткі сататын дүкендердің интернет-сілтемелерінің және мекенжайлары жазылған жазуларды бояды.	келісілген кешкі мониторингтердің кестесі, мерзімі, қоғам белсенділері Қоғам белсенділерінің тізімі, ақпараты (аты-жөні, әлеуметтік желі аккаунттары) Шаралар мақсаты	3 3 (есірткіні насихаттауға және жарнама лауға қарсы іс-шаралар, «граффитиді» жою жөніндегі шаралар, заңсыз үгітті анықтау және жастар	3 3 (есірткіні насихаттауға және жарнама лауға қарсы іс-шаралар, «граффитиді» жою жөніндегі шаралар, заңсыз үгітті анықтау және жастар	қылмыстық іс көтеріп, тергеу амалдарын жүргізеді. Бұдан былай волонтерлар тек наркограффитиді анықтауға атсалысады. Оны жою немесе бояп тастау заң бұзушылық болып есептеледі. Қоғамдық бақылау күшейген сайын халық арасында «барыға» аталып кеткен адамдардың еркін сауда жасауы тыйылады. Қоғамдық бақылауды күшейтіп, рейдтік шараларды тотатпай жүргізіп тұру керек. Жастар арасында есірткі сатушылармен емес, сатып алушылармен күресті күшейту керек. Өйткені сұраныс бар жерде ұсыныс та тоқтамайды. Егер
---	--	--	--	--	--	--	--	--	---

уақытта көшелерг е монитор инг жүргізу және т.б.							арасынд а зиянды тәжіриб елердің таралуы н болдырм ау үшін монитор инг жүргізу)	арасынд а зиянды тәжіриб елердің таралуы н болдырм ау үшін монитор инг жүргізу)	нашақорлыққа немесе есірткі сату қылмыстық жауапкершілік екенін біле тұра қылмысқа барған адам болса оны әлеуметтік эксперименттер арқылы қоғамға ашып көрсететін уақыт келді. Жәй лекциялардын көрі жастарға пранктар мен эксперименттер өтімді «тәрбие құралы». Рейдтерді көбейту арқылы ата аналарға ой сала отырып, айыппұл өтеу арқылы тәрбиеге мән беруге мәжбүрлеуге болады. Темір жол вокзалы тоғыз жолдың торабы деуге болады. Поездар арқылы қауіпті нәрселер тасымалдануы мүмкін болғандықтан рейдтер жиі
						Қорытынды ақпарат	1 әр шара бойынш а	1 әр шара бойынш а	
						Шара саны	15	15	
						Әлеуметтік желідегі жарияланым	Әр шарадан 4 (Instagra m, facebook ,Telegra m, Tik Tok) арналар ы арна бойынш а	Әр шарадан 4 (Instagra m, facebook ,Telegra m, Tik Tok) арналар ы арна бойынш а	
						Фото/бейнеесеп	Әр шарадан	Әр шарадан	

						Пікір Әлеуметтік эксперимент Сауалнама Сауалнама қорытындысы	2/1 Әр шарадан 1 3 1 1	2/1 Әр шарадан 1 3 1 1	өткізілуі керек.
3 міндет. Әлеуметтік желілерде кеңінен ротацияланатын нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильм дайындау (қаралы	Нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы деректі фильм				Әлеуметтік желілерде кеңінен ротацияланатын нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильм дайындау барысында сценарий құрылып, кәсіб актерлардың қатысуымен деректі фильм түсірілді.	Тапсырыс берушімен келісілген деректі фильмнің тақырыбы, сценарийі Деректі фильм ұзақтығы Ақпараттық қамтылуы Әлеуметтік желілердегі жарияланым	1 7-10 минуттық 500 000-нан кем емес 5 арна (Instagram, YouTube, facebook,	1 7-10 минуттық 500 000-нан кем емес 5 арна (Instagram, YouTube, facebook,	Фильмде үш сотталушы әйелдің хикаясы ашық баяндалған. Өз аудиториясын табасын туынды.

м саны 500 мыңнан кем емес)						Фото/бейнеесеп Деректі фильмге тартылған қоғам белсенділер мен кәсіби әртістер тізімі Тіркелушісі көп топтарда тарату Электронды тасымалдауыш құралына (флешка) көшірілген деректі фильм	Telegram, TikTok) арналары бойынша 3/1 1 2 1	Telegram, TikTok) арналары бойынша 3/1 1 2 1	
4 міндет. Өңірдің жоғары сыныптар оқушыларының ата-аналары мен	Құқық қорғау органдарының өкілдерімен мектеп ата-аналарымен профилактикалық кездесу	2024 жыл 17 қыркүйек Сағат 15:00	Атырау облысының орта, арнаулы, жоғары оқу орындары	1000	Жатақханалардағы ашық әңгіме көп мәселені шешуге жәрдемдеседі. Осы мақсатта Атырау облысындағы Жоғары оқу орындары және арнаулы техникалық оқыту мекемелері, яғни колледж	Тапсырыс берушілермен келісілген құқық қорғау органдарының өкілдері, кестесі, өтетін орны, мерзімі, спикерлері	1 (10 кездесу)	1 (10 кездесу)	Үлкен аудиториялардағы лекцияларда көп бала сұрақ қоюға ұялады. Жатақханаларда шағын топтармен әңгіме барысында жастардың көкейінде жүрген сұрақтарды естіп

қазіргі заманғы синтетик алық есірткілер, дәріханалық нашақорлық проблема ларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналым ына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша құқық қорғау органдарының өкілдерім					жатақханаларында тұратын студенттермен профилактикалық жұмыстар жүргізілді.	Тапсырыс берушімен келісілген көрсетілетін бейнебаяндар Тапсырыс берушімен келісілген әлеуметтік желілердің тізбесі Қамтылатын мектеп саны Қатысушылар тізімі мектеп әкімшілігінің нақты жоғары сыныптар оқушыларының ата-аналары екендігі туралы анықтамамен, яғни мектеп мөрімен Әлеуметтік желідегі жарияланым	3 кемінде 2 10-нан кем емес Жалпы 1 000 – нан кем емес Әр кездесуден 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, TikTok)	3 кемінде 2 10-нан кем емес Жалпы 1 000 – нан кем емес Әр кездесуден 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, TikTok)	талқылауға болады
--	--	--	--	--	---	--	--	--	-------------------

ен кемінде 10 профила ктикалы қ кездесу өткізу (кемінде 1 000 адамды тікелей қамту)						Фото/бейнеесеп	бойынш а	бойынш а	
						Шақырылған қонақтар, спикерлердің шара барысындағы ақпараттары	Әр кездесуд ен 3/1	Әр кездесуд ен 3/1	
						Ата-аналар ұсыныстары	3-тен кем емес	3-тен кем емес	
						Ата-аналар пікірлері	Әр кездесуд ен 2	Әр кездесуд ен 2	
						Ата-аналар пікірлері	Әр кездесуд ен 2"	Әр кездесуд ен 2"	
	Құқық қорғау органдарын ың өкілдерімен жатақханада профилактик алық кездесу	2024 жыл 17 қыркүйе к Сағат 16:30	Атыру облысыны ң жатақханал ары	500	Жатақханалардағы ашық әңгіме көп мәселені шешуге жәрдемдеседі. Осы мақсатта Атырау облысындағы Жоғары оқу орындары және арнаулы техникалық оқыту мекемелері, яғни колледж жатақханаларында	Тапсырыс берушілермен келісілген құқық қорғау органдарының өкілдері, кестесі, өтетін орны, мерзімі, спикерлері Қатысушылар тізімі оқу орнының жатақхана	1 (5 кездесу)	1 (5 кездесу)	
							Жалпы 500 – ден кем	Жалпы 500 – ден кем	

					тұратын студенттермен профилактикалық жұмыстар жүргізілді.	меңгерушісімен нақты жатақхана тұрғыны туралы анықтамамен, яғни жатақхана (немесе оқу орнының) мөрімен Әлеуметтік желідегі жарияланым Фото/бейнеесеп Шақырылған қонақтар, спикерлердің шара барысындағы ақпараттары Пікір	емес Әр кездесуден 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, TikTok) бойынша Әр кездесуден 3/1 3-тен кем емес Әр кездесуден 2	емес Әр кездесуден 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, TikTok) бойынша Әр кездесуден 3/1 3-тен кем емес Әр кездесуден 2	
5 міндет. Өңірдің	Нашақорлық қылмысының	2024	Атырау	50	Балалалрдың қалауы	Тапсырыс берушімен келісілген экскурсия	1	1	Экскурсиялар көп

жоғары сынып оқушыларын және оқу орындарының студенттері үшін (ата-ана келісімін алу қажет) н ашақорлық қылмысының алдын алу мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне және наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастырылады. (кемінде 500 адамды қамту).	алдын алу мақсатында наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастыру Болашақ колледжі студенттері Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығына экскурсия	жыл	облыстық психикалық денсаулық орталығы		бойынша түрмелерге экскурсиялар көптеп ұйымдастырылуы керек. Осыған байланысты, Атырау облысының студенттері, оқушыларына экскурсиялар ұйымдастырылды.	тақырыбы, кестесі, жоғары сынып оқушыларын және оқу орындарының студенттерін қамтитын мектептер мен оқу орындар тізімі			өткізілуі керек. Өйткені мың рет естігенше бір рет көр деген қағида балалардың өміріне жақсы әсер етеді, жеңілтек ойдан арылтуға көмектеседі
						Шараға қатысушы оқушылардың және студенттердің ата-аналарының рұқсат парақтарының үлгісі	1	1	
						Қатысушылар тізімі (жоғары сыныптар оқушылары және оқу орындарының студенттер туралы анықтама мөрімен)	400	400	
						Тапсырыс берушімен келісілген бейнероликтер	3	3	
						Экскурсия барысында көрсетілген бейнеролик саны	3	3	
						Фото/бейнеесеп	5/1 әр шарадан	5/1 әр шарадан	
						Әлеуметтік желідегі жарияланым	4 арна (Instagram, facebook, Telegram,	4 арна (Instagram, facebook, Telegram,	

						Пікір Электронды тасымалдауыш құралына (флешка) көшірілген бейнеролик Қорытынды ақпарат	Tik Tok) бойынша 2 әр шара бойынша 3 1 әр шара бойынша	Tik Tok) бойынша 2 әр шара бойынша 3 1 әр шара бойынша	
	Нашакорлық қылмысының алдын алу мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне экскурсиялар ұйымдастыру	2024 жыл	Ерлер колониясы Тергеу изоляторы		Балалалрдың қалауы бойынша түрмелерге экскурсиялар көптеп ұйымдастырылуы керек. Осыған байланысты, Атырау облысының студенттері, оқушыларына экскурсиялар ұйымдастырылды.	Тапсырыс берушімен келісілген экскурсия тақырыбы, кестесі, жоғары сынып оқушыларын қамтитын мектептер және студенттерді қамтитын оқу орындары Шараға қатысушы оқушылардың және студенттердің ата-аналарының рұқсат парақтарының үлгісі Қатысушылар тізімі (жоғары	1 1 100	1 1 100	

						сыныптар оқушылары және оқу орындарының студенттер туралы анықтама мөрімен) Фото/бейнеесеп Әлеуметтік желідегі жарияланым Пікір Қорытынды ақпарат	4/1 әр шарадан 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, Tik Tok) бойынша 2 әр шара бойынша 1 әр шара бойынша	4/1 әр шарадан 4 арна (Instagram, facebook, Telegram, Tik Tok) бойынша 2 әр шара бойынша 1 әр шара бойынша	
Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижеле	Жобаны қорытындылау					Қорытынды презентация Әлеуметтік желідегі жарияланым	1 4 арна (Instagram,	1 4 арна (Instagram,	

рінің қорытынды жария презентациясы						Есірткіге қарсы статистика	facebook, Telegram, TikTok) бойынша 2 (басында, аяғында)	facebook, Telegram, TikTok) бойынша 2 (басында, аяғында)	
						Фото/бейнеесеп	3/1	3/1	
Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	Жобаны ақпараттандыру					Әлеуметтік желілердегі жарияланым, посттар	18-ден кем емес	18-ден кем емес	
						БАҚ-тағы жарияланым	2-ден кем емес	2-ден кем емес	
						Ақпараттық қамту (әл.желілер мен БАҚ арқылы)	500 000-нан кем емес	500 000-нан кем емес	
						Жоба туралы сауалнама	1	1	
						Сауалнама қорытындысы	Қанағаттану деңгейі 80%-дан кем емес	Қанағаттану деңгейі 80%-дан кем емес	
						Дайджест (барлық шаралардан және	1	1	

					деректі фильмнен әлеуметтік желідегі жарияланымдар бойынша скрин, сілтеме, қаралым сандары) Атқарылған жұмыстар бойынша комментарийлер Медиа-жоспар	700-ден кем емес	700-ден кем емес	
						1	1	

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі: Жоспарланған міндеттер орындалды, сандық және сапалық индикаторларға қол жеткізілді

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	1500	2397
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	15 000	15 000
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	3	3
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	-	-
5.	Қамтылған ҰЕҰ саны	ұйым	-	-
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге		
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге		
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге		
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	1	1

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтижелер:

Жастарға хабардарлықты арттыру: Атырау облысының жастары арасында нашақорлықпен байланысты тәуекелдер туралы ақпарат беру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл жастарға нашақорлықтың зиянды әсерлері туралы ақпаратты жеткізуге бағытталған. Профилактикалық кездесулер: Жастармен және олардың ата-аналарымен профилактикалық кездесулер өткізіліп, оларға нашақорлықтың зияны, алдын алу шаралары және тәуелділікті жеңу жолдары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Колледждер мен жоғары оқу орындарында жұмыс жүргізу: Колледж және жоғары оқу орындарының жатақханаларында тұратын студенттермен бірлесіп, полиция басқармасының мамандары мен психологтар нашақорлықтың қаупі мен зияндығын түсіндірді.

Деректі фильм түсіру: Нашақорлықтың қауіптілігі туралы деректі фильм түсіріліп, бұл материал жастар мен қоғам арасында насихатталды.

Кешкі рейдтер ұйымдастыру: Жасөспірімдер арасындағы қауіпті факторларды алдын алу мақсатында кешкі уақытта қала орталығында рейдтер жүргізілді. Бұл шаралар нашақорлықпен күресу және жастарды қорғау бағытында жүргізілді.

Телеграм боттар мен графиттилерді жою акциялары: Нашақорлықты насихаттайтын графиттилерді жою мақсатында арнайы акциялар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, жастар арасында қауіпті ақпаратты тарату үшін пайдаланылатын телеграм боттары туралы ақпарат беріліп, олардың таралуына қарсы іс-шаралар жүргізілді.

Қорытынды: Жоба жастар арасында нашақорлықтың алдын алу мен оның зияны туралы хабардарлықты арттыруда тиімді нәтижелерге қол жеткізді. Сонымен қатар, жастардың нашақорлыққа қарсы ой-пікірлерін қалыптастыру және қауіпті факторларды анықтау үшін кешенді шаралар ұйымдастырылды.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Әлеуметтік жобаның іске асырылуы барысында қол жеткізілген нәтижелер мен өзгерістерді өлшеу үшін келесі көрсеткіштер мен әдістер қолданылуы мүмкін:

Қатысушылардың хабардарлығы: Жастардың және олардың ата-аналарының нашақорлық туралы білімін арттыру бойынша сауалнамалар немесе тестілер өткізу. Бұл әдіс жобаның мақсатына жеткенін, яғни халықтың ақпараттану деңгейі артқанын көрсетеді.

Қатысушылар саны: Жобаға қатысқан жастар мен ата-аналардың саны (профилактикалық кездесулерге, түсіндіру іс-шараларына қатысқандар, рейдтерге және акцияларға қатысқандар). Осы көрсеткіш жобаның ауқымын және халықтың оған белсенді қатысуын сипаттайды.

Деректі фильмнің таралуы: Деректі фильмнің қанша адамға жеткенін өлшеу, әлеуметтік желілер мен басқа платформалар арқылы көрсетілімдер саны, немесе бұл фильмнің білім беру ұйымдарында пайдалану көрсеткіштері.

Қоғамдық пікір мен өзгерістер: Әлеуметтік желілер мен қоғамдық пікірді мониторингтеу арқылы жобаның жастар арасында әсер етуін бағалау. Бұл үшін сауалнамалар, пікірталастар немесе әлеуметтік медидағы посттар мен пікірлерді талдау әдістерін қолдануға болады.

Қауіпті факторларды алдын алу бойынша рейдтер мен акциялар: Кешкі рейдтер мен граффиттерді жою акцияларынан кейін қала орталығында нашақорлыққа қатысты белгіленген өзгерістерді талдау. Мысалы, қандай аймақтарда есірткімен байланысты қылмыстар саны төмендеді, граффиттердің таралуы азайғаны анықталса, бұл жоба тиімділігін көрсетеді.

Полиция мен психолог мамандарының қатысуы: Іс-шаралардың кәсіби мамандар тарапынан қалай қабылданғаны туралы кері байланыс. Полиция қызметкерлері мен психологтардың бағалауы бойынша жобаның тиімділігі туралы пікірлер.

Қатысушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер: Жастардың нашақорлыққа қатысты көзқарастары мен мінез-құлқындағы өзгерістерді бақылау. Бұл жерде ұзақ мерзімді зерттеулер мен сұхбаттар арқылы жасөспірімдер мен студенттер арасындағы қатынастарды салыстыру маңызды.

Осы көрсеткіштер мен әдістер жобаның нәтижелерін нақты бағалауға мүмкіндік береді.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
2397	1395	1002

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
2397		1500	200	100	8	20	-	4	3	562

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
2397	500	500	300	180	580	217	120

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) Көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Мектептерде 1500 астам оқушы мен студенттерді тікелей қамти отырып кездесулер өткізілді. Көмтеген мектептер мен колледждерде жастар мен студенттер қылмыстық жауапкершіліктің неше жастап басталатынын және есірткі саудасы үшін он жылға дейін бас бостандығынан айырылатынын білмейтінін жасырмады. Бұл жоба балаларды қылмыс жасаудан сақтандырып, жастардың құқықтық сауаттылығын арттырды деп айтуға толық негіз бар.

2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Лекциялар аяқталған сәтте бірқатар оқушылар «Апай мен ешқашан закладчик болмаймын!» деп шабыттанып әрі қорқып жатса, «Біздің білмеген нәрселерімізді айттыңыздар деп ересектердің өздері прокуратура, полиция органдарының қызметкерлеріне алғыс жеткізуде. Лекция тыңдаған ересектер «Осы ақпаратты енді балаларға айтыңыздар, мектептерге жиі келіп тұрыңыздар» деп өтініш қылуы құқықтық профилактика жұмыстарының бұған дейін әлсіз жүргізілгендігін аңғартады. Жобада сотталушы қыздардың сұхбаттары ашық көрсетілді, шок болғандар да аз емес. Ең алдымен ата-ана мен баланың арасындағы байланысты нығайтты, біздің нақты мысалдарымыздың нәтижесінде есірткі проблемасы ашық талқылана бастады. Ұзақ мерзімді әсері, жастар арасында өсіп кеткен «закладчиктер» қатары азаюы тиіс.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Қазір мемлекетіміздің алдында қылмыспен күрестен бұрын балалардың бос уақытын тиімді өткізуге ыңғайлы жағдай жасау міндеті тұр. Барлық ата аналардың өтініші негізінде баланың бос уақытын тиімді пайдалануға арналған секциялар мен үйірмелер, орталықтар көбейгенін қалайды. Бұл бір жағынан жаңа бизнес орындары мен жұмыс орындарын ашуға жағдай жасайды.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда? *Жоба барысында айтырлықтай қиындықтар болған жоқ. Аудандардағы іссапарлар барысында ішкі саясат басқармасы мамандарының хат жолдауға, ұйымдастыруға көп көмегі тиді. Жұмысы ұйымдаспаған деп білім басқармасын айтуға болады. Аталған басқармаға кеткен хат ұзақ қаралып, жобаларымыздың уақытынан кешігуіне зардабын тигізді.*

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
Лудомандар бірлестігінің өкілдері	Лекцияларды оқыған кезде наркомания және ойынқұмарлық тақырыбы қатар талқыланды.	Талғат Агисов 8 702 148 74 84	Лудомания туралы лекциялар мектептерде оқылмауы керек, өйткені жасөспірімдер керісінше тақырыпқа қызығушылық танытып, әуестеніп кетуі мүмкін. Алайда ересектер ұжымында тақырып қызық және қолдау тауып тұр.
«Жаныңдамын» волонтерлар ұйымы	Балаларға қылмыс жасама, жаман қылықтардан аулақ бол деп тыйым сала бермей, «бос уақытыңды осы кәсіпке арна»	Мира Есниязова 8778 118 19 83	Волонтерлік туралы тарқатып айтылуы жобалар енгізілуі керек, өйткені көп адамдар ерікті болу ол тек қайырымдылыққа ақша жинау

	дейтіндей бағдар берілуі керек. Біздің тәжірибеде бірлескен жұмыс «Нашақор болма, кел волонтерларға қосыл» деген идеологияда жүргізілді		деп түсінеді
--	---	--	--------------

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже
1	Қаржы сауаттылығы	Қарызға батпауды үйрету	Қаржылық сауатсыздық пен есірткі сатудың арасында байланыс бар. Атырауда закладчик болып ұсталған жандардың көпшілігі кредитім қарызым бар еді содан тез құтылу үшін қылмысқа бардым деп отыр.	Жобаның күрделілігіне қарай		

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)
Меморандумдар аясында нәтижелі жұмыс атқарылды: Полиция департаменті Денсаулық сақтау басқармасы Атырау университеті	Жоқ	Барлық ұсыныстар мен мәселелер жұмыс барысында еш қиындықсыз реттеліп отыр

Кылмыстық атқару жүйесі Мұнай және газ университеті Наркологиялық диспансер		
---	--	--

Есеп беттерінің жалпы саны: 24

Грант алушы:

Төраға



Қайсағалиева Н.